

2025 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормаларын бекіту туралы

Жетісу облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 416 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2024 жылы 23 желтоқсанда № 262-19 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 30 наурыздағы № 107 "Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 140838 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Жетісу облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2025 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

А. Канагатов

"Келісілді"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

2024 жылғы 20 желтоқсандағы № 416
қаулысына қосымша

2025 жылға арналған басым дақылдар, оның ішінде көпжылдық екпелер өндірісін дамытуды субсидиялауға арналған басым дақылдар тізбесі және субсидия нормалары

№	Басым ауыл шаруашылығы дақылдардың атауы	Өлшем бірлігі, тонна/ гектар	Субсидиялар нормасы, теңге
1	Қант қызылшасы	тонна	25 000
2	Дәндік жүгері	тонна	12 000
3	Майлы дақылдар	тонна	6 000
4	Қаракұмық	тонна	8 000
5	Өнеркәсіптік жылыжайдағы көкөніс	гектар	8 148 120

6	Фермерлік жылыжайдағы көкөніс	гектар	4 858 142
---	----------------------------------	--------	-----------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК